

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
 ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ ЖІЛТӨЙ АРДАНАРАЛЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕМЕСІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ (ФИЛИАЛДЫҢ НЕМЕСЕ ӨКІЛДІГІНІ)
 МЕМЛЕКЕТТІК (ЕСЕПТІК) ҚАЙТА ТІРКЕУІ

20 21 ж. 18 01 жүргізілді

Ағашық мемлекеттік тіркеу нөмірі 1994 28 06 жүргізілді

Тіркеу нөмірі 873-1915-09-К.21.21

Бизнестік сәйкестендіру нөмірі (БОН) 940640000829

**«Атырау облысы Білім беру
 басқармасының Мақат ауданы білім
 бөлімінің «Сабыр Шарипов атындағы
 Доссор мектеп-интернаты» коммуналдық
 мемлекеттік мекемесінің**

ЕРЕЖЕСІ

Атырау облысы
 Мақат ауданы
 Доссор кенті



Атырау облысы
Қаржы басқармасының
2020 жылғы «31» 12
№ 146 бұйрығына қосымша

Атырау облысы
Қаржы басқармасының
2020 жылғы «31» 12
№ 146 бұйрығымен бекітілген

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Мақат ауданы білім бөлімінің «Сабыр Шарипов атындағы Доссор мектеп-
интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. «Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Сабыр Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеменің құрылтайшысы – Атырау облысы әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. Коммуналдық мүлікке билік ету жөнінде уәкілетті орган – «Атырау облысы Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

5. Мекеменің басқару органы – «Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. «Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Сабыр Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің орналасқан жері: 060603, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Махамбет Өтемісұлы көшесі, №3.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің беру бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

13. Мекеме қызметінің мақсаты:

1) балалардың білім алуы үшін жағдайлар жасау, зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, дене, шығармашылық дамуын қамтамасыз ету;

2) жалпы орта білім алуда білім алушылардың жайлы және қауіпсіздік өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету болып табылады.

14. Мекеменің негізгі міндеттері:

1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы функционалдық сауатылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген базистік ғылыми негіздерді алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтынның берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

7) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

15. Мекеме өз қызметін «Білім туралы» Заңның 5-бабының 8) тармақшасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады және оның қолданыста болу уақытының барлық кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметіне қойылған біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқылы.

16. Мекеме түрі – жалпы білім беретін орта мектеп – интернат.

17. Мекемеге осы ережеде бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

18. Интернаттық білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі Жалпы орта білімнің жалпы орта білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларына және осы Үлгілік қағидаға, ішкі тәртіптің жарғысы мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Медицина қызметкері балалардың денсаулығын нығайту бойынша профилактикалық іс-шараларды өткізуді, интернаттық ұйымдардың санитарлық-гигиеналық жай-күйі мен тамактануды бақылауды, балалардың келуіне орай жұмыстың гигиеналық негізделген режимін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

20. ҚР Үкіметінің № 320 қаулысына сәйкес оқушылар киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен, жеке гигиеналық заттармен, оқулықтармен қамтамасыз етіледі.

21. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабына сәйкес балалардың ерекше жеке қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп-интернаттарын материалдық-техникалық қамсыздандыру, жағдай тудыру, жарактандыру және жабдықтау жергілікті атқарушы органдармен іске асырылады.

22. Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

23. Мекеме үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны болып табылады және Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына мемлекет кепілдік берген құқық пен «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бұдан әрі – МЖМБС) шегінде тегін жалпы орта білім алуға мүмкіндік береді.

24. Мектептегі білім берудің мазмұны МЖМБС-ға сәйкес әзірленетін және іске асырылатын жұмыс бағдарламаларымен және оқу жоспарларымен айкындалады.

Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді мектеп дербес жүзеге асыруға құқылы.

25. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру болып бөлінеді.

26. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

27. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

28. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

29. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (1-деңгей) баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

30. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (2-денгей) білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алды даярлығын қамтиды.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

31. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (3-денгей) жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып саралау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

32. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, сонымен қатар үйде оқитын балаларға қажеттіліктерге сәйкес «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде жеке оқу жоспарлары мен «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жеке оқу бағдарламалары әзірленеді.

Жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын Мекеме басшысы бекітеді.

5. Білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

33. Мекемеге оқуға қабылдау тәртібі, Мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына», өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ олардың негізінде әзірленген осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

34. Мекеме жергілікті атқарушы органның ұсынысы бойынша, бекітілген аумақ шегінде мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды дербес (аты-жөні бойынша) есепке алуды жүргізеді.

35. Білім алушылардың қатарына қабылдау Мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

36. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді. Мекемеде сыныптарды толықтыру 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру, төтенше жағдай енгізу, белгілі бір аумақта төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда Мекеменің сынып-жинақтары 1 сыныпта 15 білім алушыларға дейін қалыптастырылуы мүмкін.

37. Мекемеге білім алушыларды қабылдау кезінде Мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардығы №93 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасайды.

38. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды Мекемеге оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медициналық-психологиялық консультация қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

39. Интернаттық білім беру ұйымдарына жатын орын беріле отырып жалпы орта білім алу қамтамасыз етіледі:

1) жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат – тиісті түрлері мен білім беру деңгейіндегі жалпы білім беретін мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балаларды қабылдауды жүзеге асырады;

2) көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына арналған мектеп-интернат - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" № 320 қаулысына (бұдан әрі – ҚР Үкіметінің № 320 қаулысы) сәйкес мемлекеттік жәрдемақы алатын отбасылар балаларының, мемлекеттік әлеуметтік көмек алмайтын отбасылар балаларының, ата-анасы немесе оларды алмастыратын тұлғалардың өмір сүру жағдайы, еңбегі, денсаулық жағдайы бойынша отбасыларға көмек берілетін, ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен кіріс кіретін отбасылар балаларының жалпы орта білім алуын қамтамасыз етеді;

3) мектеп-интернат – аз тұрғыны бар елді мекендерде тұратын балаларды қабылдауды жүзеге асырады;

40. Мекемеге оқуға қабылдаудан бас тартылған жағдайда білім алушының ата-анасы немесе өзге заңды өкілдері тұрғылықты жері бойынша білім беруді басқарудың жергілікті органдарына жүгінеді.

41. Бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын Мекеме дайындық деңгейіне қарамастан, Мекеме қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

1) құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы «электрондық үкімет» веб-порталы және Мекеме арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

2) бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Мекеменің бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда Мекеменің бірінші сыныбына құжаттарды қабылдау ағымдағы жылғы 20 тамыздан кешіктірілмей жүргізіледі.

3) Мекеме баланы қабылдаған кезде ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап Мекеменің қызмет көрсету аумағынан көрсетілетін қызметті алушыға өтініш берген бірінші үшеуін қабылдау туралы, содан кейін – ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап бірінші болып тіркелгендердің ішінен білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан тыс 1 (бір) үміткерге қабылдау туралы хабарлама жібереді.

Білім беру ұйымы бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылғы 25 тамыздан кейін шығарады.

42. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес «электрондық үкімет» веб-порталы және Мекеме арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

43. Бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде білім беру ұйымдары басшыларының қабылдау/шығару туралы бұйрықтарымен жүргізіледі.

Білім беру ұйымынан шыққан адам басқа білім беру ұйымына келуі туралы талон ұсынады, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы, мектебі көрсетіледі, содан кейін оған тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы, мектебі көрсетілген кету туралы есептен шығару талоны және оның жеке ісі беріледі.

Кету туралы есептен шығару талоны білім алушының келуі және жеке ісін тапсыруы үшін білім беру ұйымына ұсыну үшін беріледі.

44. Білім алушыларды бастауыш және негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау Мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

45. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оныншы, он бірінші сыныптарына білім алушыларды қабылдау Мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын білім

алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштерді қабылдау негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатты бергеннен кейін басталады.

46. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды Мекемеден арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

47. Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ тұлғаларды оқуға қабылдау, олардың оқуын ұйымдастыру, білім беру ұйымдарымен қамтамасыз ету тәртібі олардың ата-аналары және заңды өкілдері Қазақстан Республикасында тұрақты және уақытша тұрған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қарастырылған жағдайларда жүзеге асырылады.

48. 16 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары немесе заңды өкілі шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар өз баласын білім беру ұйымдарына оқуға берген кезінде тұратын жерінде тіркелгені туралы белгісі бар Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық берілген құжатты ұсынады:

шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;

босқын – босқынның куәлігі;

паналатуды іздеуші тұлға – паналатуды іздеуші тұлғаның куәлігі;

оралман – оралман куәлігі немесе көші-қон органдарының анықтамасы.

Аталған талаптар Консулдық қатынастар туралы және Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес елшіліктер мен консулдықтардың қызметкерлеріне таратылмайды.

Қазақстан Республикасында уақытша тұратын тұлғалар төлқұжат көшірмесін және көші-қон карточканың көшірмесін көрсетуі қажет.

49. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының азаматтығын алмаған тұлғалардың балаларын қабылдау кезінде, аталған балалардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен тұратын жерінде тіркелгені туралы белгісі бар құжаттарды немесе көші-қон карточкасының көшірмесін талап етеді.

Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері құжаттарды ұсынудан бас тартуы кезінде, Мекеме басшысы тез арада ішкі істер органдарын хабардар етеді.

50. Мекеме шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың балаларын олардың шет елде алған білім деңгейіне, білімі туралы құжаттарына сәйкес тиісті сыныптарға қабылдайды.

51. Білім туралы құжаттары жоқ болған жағдайда Басқару органы комиссия құрып, үміткердің білім деңгейін анықтайды. Білім алушылардың қатарына тіркеу комиссиясының шешімі негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

52. Мекеменің мектеп алды сыныптарына оқуға балалар бес жастан қабылданады.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

53. Мекемедегі оқу-тәрбие процесі жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

54. Мекеме жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уактылы және сапалы орындалуын камтамасыз етуге тиіс.

Мекемедегі оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

55. Мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мекемеде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

56. Оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектердің құқықтарына құрметпен қарау негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

57. Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери даярлығы – Мекемеде жүзеге асырылады.

58. Білім беру ұйымдары білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және оларға аралық аттестаттау жүргізеді.

Мекеме білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және оларға аралық аттестаттау жүргізу нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

59. Негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аякталады.

60. Мекеме кәмелетке толмаған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін камтамасыз етеді.

61. Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнына, білім алудың қолжетімділігіне жағдайлар

жасалуына қарай барлық деңгейлерде оқыту күндізгі, экстернат нысандарында жүзеге асырылады.

62. Оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды.

Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріледі. 1-сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

63. Оқыту тілі – қазақ.

64. Мекеме оқу процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

Мекеме үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

65. Мекемеде ата-аналардың (занды өкілдердің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (екі баладан артық емес) қарастырылған.

66. Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде ұзақ уақыт Мекемеге бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе тиісті үлгілік оқу жоспарларына сәйкес стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту ұйымдарында тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды.

67. Мекемеде сабақтың ұзақтығы 40 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимін қолданады. Қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 40 минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі.

68. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалады. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады.

Білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

Мекемедегі оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

69. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді.

7. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі

70. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында Мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

71. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – бұл жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында мұғалім жүргізетін білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеру.

72. Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін оның бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

73. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – МЖМБС-да қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

74. Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

75. Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

76. Формативті бағалау, бөлім (ортақ тақырып) бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі- БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

77. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

78. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада беріледі.

79. Тоқсандық баға формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдыққа баға формативті бағалау және БЖБ нәтижесі бойынша қойылады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда тоқсандық баға формативті бағалауды, бір БЖБ мен ТЖБ нәтижелерін ескеріп қойылады.

80. 1-сыныпта жылдық баға қойылмайды.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру қорытындысымен сол сыныпта қайтадан оқытуға ұсыныс берілген және/немесе баланың ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен орнында қалдырылатын білім алушыларды қоспағанда 1-сынып білім алушысы оқу жылын қайта оқуға орнында қалдырылмайды.

81. 2-11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

82. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.

83. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

1) 9 (10) сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

2) 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

84. 1-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.

85. Қорытынды аттестаттаудан өткен 9 (10) сынып білім алушыларына «Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығымен (бұдан әрі – №39 бұйрық) бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы аттестат беріледі.

86. Қорытынды аттестаттаудан өткен 11 (12) сынып білім алушыларына №39 бұйрықпен бекітілген жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

87. Үш және одан көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалар алған 11 (12) сыныптың білім алушыларына «Білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы №289 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама беріледі.

8. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері және тәртібі

88. Он алты жасқа дейінгі балаларды Мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, Мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды Мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

9. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

89. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге Мекеме бюджет қаражаттары есебінен көрсететін білім беру қызметтері тегін ұсынылады.

10. Мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

90. Мекемеде білім алушының, заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оқу мерзімдерін айқындайтын шартпен реттеледі.

11. Мекемені басқару

91. Мекемені жалпы басқаруды Басқару органы жүзеге асырады.

92. Құрылтайшы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

93. Уәкілетті орган мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мекеменің ережесін бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

94. Басқару органы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, Мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

3) мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

4) мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

5) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

6) мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

95. Мекеме басшысын Басқару органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатылады.

Мекеме басшысы лауазымға білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен конкурстық негізде тағайындалады.

96. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

97. Мекеменің басшысы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Басқару органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

98. Мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы ережеде айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

99. Мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекемемен осы ережемен белгіленбеген қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі.

100. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іссапарлар, тағылымдама, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;

Оның ішінде, қызметкерлерді шетелдік оқу орталықтарына оқуға жіберуге Басқару органымен келіседі;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.

9) мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және Басқару органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

101. Білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

1) білім беру ұйымы білім алушыларының, тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзғаны;

4) білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;

6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптарды өзге де бұзғаны үшін жауаптылықта болады.

102. Білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылады.

Мекеменің алқалы басқарудың нысандары педагогтік, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес болып табылады, олардың сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелері білім беру саласындағы уәкілетті органымен бекітіледі.

12. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

103. Мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздерінің есебінен құрылады.

104. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлікпен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

105. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру, (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуға тиіс.

106. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Мекеменің қызметі облыстық бюджетінен қаржыландырылады.

107. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

108. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқару органымен жүзеге асырылады.

13. Мекеменің жұмыс тәртібі

109. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

110. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

15. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

111. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

112. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

113. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы жүзеге асырады.

114. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Мекеменің мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

115. Таратылған Мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

16. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

116. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.